

КЕЛІСІДІ

Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі басшысы

П.Барахоева

«ds» 08 2023 ж.

Педагогикалық кеңестің отырысында бекітілген
28.08.2023 жылғы №1 хаттама

Ақмола облысы білім басқармасының

Астрахан ауданы бойынша білім бөлімінің

«Жалтыр ауылының №2 жалпы орта білім

беретін мектебі» КЗММ директоры

А.У.Серикбаева



**«АҚМОЛА ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
АСТРАХАН АУДАНЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІ ЖАЛТЫР
АУЫЛЫНЫҢ №2 ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
2023-2024 ОҚУ ЖЫЛҒЫ ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

I БӨЛІМ

МЕКТЕП ПАСПОРТЫ

1. «Жалтыр ауылының №2 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
2. Заманауи типтік ғимарат
3. Мектеп директоры Серикбаева ақ-жұпар Ұзақбайқызы
4. Білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасының сипаттамасы:

Мектеп 1991 жылы салынған, 21 сыныпқа есептелген, сыныпта __138__ оқушы жинақталған, жобалық қуаты 264 орындық типтік ғимаратта орналасқан.

- ✓ Ғимараттар саны-**1**
- ✓ Бір қабат - **2,3**
- ✓ Жалпы ауданы-**2412м²**
- ✓ Барлық ғимараттардың жұмыс алаңы – **1919м²**
- ✓ Кабинеттер саны-**27**
- ✓ Кабинеттер мен зертханалардың жалпы ауданы-**1183,4**
- ✓ Автономды жылыту жүйесі, отын (көмір)шығыны – **360 т**
- ✓ Сумен жабдықтау-орталық
- ✓ Жергілікті канализация-септик құдығы
- ✓ Жаңа модификациялы кабинеттер-1

Оқушылар контингенті_ барлығы 158 оқушы (мектепке дейінгі бөлек,1-11 сыныптар бөлек: барлығы 0-11 сыныптар), оның ішінде : мектепалды сынып - 14 , 1 сыныптар -12 , 2 сыныптар - 16, 3 сыныптар – 17, 4 сыныптар – 56, 5 сыныптар-23, 6 сыныптар-18, 7 сыныптар – 12, 8 сыныптар – 11, 9 сыныптар - 9, 10 сыныптар – 6 , 11 сыныптар-3.

Оқыту тілі-қазақ тіл және орыс тілі

Класс-жиынтықтар саны-21

Оқыту тілдері бойынша:

- қазақ тіліндегі сынып-жиынтықтар – 11
- орыс тіліндегі сынып-жиынтықтар - 10

Тамақтануды ұйымдастыру: Мектепте асхана жұмыс істейді . Мектепте асхана, ыстық тамақ, сонымен қатар, буфет бар.

Ыстық тамақпен __92__ оқушы қамтылды, бұл 67% құрайды.

Жалпыға бірдей білім беру қоры (мектепті ұстауға жұмсалатын шығыстар сомасының пайызы, сомасы):

Кадрлық құрам.

Қызметкерлердің барлығы – 60, оның ішінде педагогикалық қызметкерлер – 37.

Педагог қызметкерлердің сапалық құрамы:

білімі бойынша:

- педагогтің жоғары білімімен- 27 (72,9 %)
- арнаулы орта білімі бар ___ 10 (27%)
- орташа - _0____,

санаттар бойынша:

- жоғары санатты -0,
- бірінші санатпен -0
- екінші санатпен-0
- педагог-зерттеуші-5 (13,5)
- педагог-сарапшы-7 (18,9)
- педагог-модератор-8(21,6)
- Педагог-2 (5,4)
- Санатсыз-16(43,2)

2022-2023 оқу жылғы жұмыс талдауы

Педагогикалық ұжым «Оқу тәрбие үдерісінде мұғалімдерді кәсіби дамыту арқылы жеке тұлғаның функционалдық сауаттылығын қалыптастыру» тақырыбында жұмыс жасап, алдарына білім алушыларға ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарланған, функционалдық сауаттылық дағдылары бар және оны қоршаған ортада бәсекеге қабілетті бола алатын білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуымен дамуы үшін қолайлы білім беру ортасын құру мақсатын қойды

« Мектептің оқу-тәрбие жоспары да осы мақсаттарды іске асыруға бағытталған. Мектептің оқу жоспары ҚР-ның жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының негізінде жасалынды.

ҚР жалпы орта білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандарттарына сәйкес мектептің жоғарғы сатысында оқыту жаратылыстану-математика бағыты бойынша жүргізілді

❖ Педагогикалық ұжым қызметінің негізгі бағыттары, мазмұны мен нысандары нормативтік құжаттармен реттелді:

- ✓ ҚР "Білім туралы" Заңы
- ✓ Жалпы білім беру түрлері бойынша қызметтің үлгілік қағидалары (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру);
- ✓ Мектеп жарғысы;
- ✓ Білім беруді басқару органдарының нормативтік құжаттары;
- ✓ Мектептің оқу жылына арналған жұмыс оқу жоспары;
- ✓ Оқу жылына арналған нұсқаулық-әдістемелік хат.
- ✓ ҚР БҒМ бекіткен үлгілік оқу жоспарлары.

1. Білім беру жөніндегі нормативтік құжаттарды орындау бойынша мектеп қызметін ұйымдастыру.

1.1 Жалпы білім беру бағдарламасын жүзеге асырудың негізгі бағыттары:

1. Оқушылар контингентін сақтау.
2. «Қиын» оқушылармен жұмыс.
3. Қамқоршылықтағы балалармен жұмыс
4. Үйде қосымша оқытуды қажет ететін оқушылармен жұмыс.
5. Болашақ бірінші сынып оқушыларымен жұмыс.
6. Оқушылардың денсаулығын сақтау жұмыстарын жүргізу.
7. Оқушылардың ыстық тамақтануын ұйымдастыру.
8. Оқушыларды тегін оқулықтармен қамтамасыз ету.

Мектебімізде 156 оқушы бар. Тегін тамақтанумен 1-4 сыныптар -57 оқушы (76%) және «жалпы оқыту қорынан» 5-11 сыныптар -37 оқушы (45,7) қамтылған. Мектебімізде 15 оқушы (9,6%) көпбалалы отбасынан және 25 оқушы(16%) азқамтылған отбасынан.

Ұсыныстар:

- Аз қамтылған және (немесе) көп балалы отбасы мәртебесін растайтын құжаттарды уақтылы жинау қажеттілігі туралы ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын жүргізу.
- Оқу-тәрбие процесін табысты ұйымдастыру үшін ата-аналардың ынтымақтастығы, ұйымшылдығы, белсенділігі деңгейін арттыру.
- Әлеуметтік жағдайы төмен отбасылармен және тәуекел тобындағы балалармен жұмысты жалғастыру.
- Оқушылардың ыстық тамақпен қамту пайызын арттыру.

«ҚР Тілдер туралы» Заңының орындалу барысы жайында ақпарат

Мемлекеттің басты құндылықтарының бірі - оның мемлекеттік тілі. Қазақстан Республикасы – татулық табыстырып, бірлік жарастырған көп ұлтты мемлекет.

2022-2023 оқу жылында «ҚР Тілдер туралы» Заңының орындалу мақсатында мектепте төмендегідей іс-шаралар жүргізілді:

- 2022-2023 оқу жылында «ҚР Тілдер туралы» Заңын іске асыру бойынша мектепшілік жоспары құрылып бекітілді;
- Мектепшілік жоспар бойынша әр дүйсенбі сайын саптық жиындарда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны мемлекеттік тілде орындалды;
- Мектепшілік және сыныптан тыс шаралар «ҚР Тілдер туралы» Заңына сәйкес екі тілде өткізілді.

Іс-құжаттарды екі тілде жүргізілді, қазақ тіліндегі құжаттарға мектептің аудармашысы – Уразова Жанна Заксылыковна жауапты. Мектеп ішінің безендірілуі екі тілде жүргізілген, барлық сыныптардың рәсімделуі тексеріліп, екі тілді ұстану ұсынылды.

1-11 орыс сыныптарында қазақ тілі мен әдебиеті талапқа сай қазақ тілінде оқытылады. Сынып бөлмелері мен оқу кабинеттерінің безендірілуіне тексеру жүргізілді.

Орыс тілінде оқитын 1-11 сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті талаптарға сәйкес қазақ тілінде оқытылды;

Қорытынды: Мектептің кабинеттері мен сынып бөлмелерін безендіруге назар аудару қажет. Кабинеттер мен сынып бөлмелерін визуалды безендіруде екі тілділікті қолдану керек

Ұсыныс:

- Мемлекеттік тіл мәртебесін арттыруға бағытталған іс-шараларды көбірек жоспарлау;
- Мектеп қызметкерлері мен жергілікті емес ұлттың ата-аналары үшін "Біз қазақша сөйлейміз!" акция жұмысын жалғастыру;

- Орыс тілінде оқитын қазақ балалар санының артуына байланысты біздің ауыл тұрғындары арасында мемлекеттік тілді дәріптеу жөніндегі жұмысты жалғастыру; осы бағытта басқа ұлт балаларының ата-аналарымен мемлекеттік тілде оқыту пәні бойынша жұмысты қоса алғанда, болашақ бірінші сынып оқушыларының ата-аналарымен жұмыс істеуге ерекше назар аудару.

1.3 Салауатты өмір салтын бағдарламасын іске асыру жөніндегі сараптама

Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында мектепте мектеп директоры бекіткен мектептің жұмыс жоспарына сәйкес жұмыс жүргізіледі. 2022-2023 оқу жылында тәрбие іс-шараларының көпшілігі оқушылардың салауатты өмір салты, салауатты және зиянды мінез-құлық туралы түсініктерін қалыптастыруға, жаман әдеттер мен қауіпті әрекеттерден бас тартуға ынталандыруға бағытталған.

Есірткі және басқа заттарды қолданудың алдын алу бойынша ақпараттық, насихаттық және консультациялық жұмыстарды ұйымдастыру, зиянды әдеттерге (алкоголизм, темекі шегу) тәуелділіктің алдын алу бойынша әлеуметтік-психологиялық қызметтің рөлін арттыру, олардың денсаулығын сақтау үшін жауапты мінез-құлықтың өмірлік дағдыларын қалыптастыру, ерте жүктіліктің алдын алу секілді ауқымды жұмыстар жүргізілді. Осындай профилактикалық жұмыстардың нәтижесінде, мектебімізде келеңсіз жағдайлар орын алған жоқ. 2023 жылғы 3 тамызда Астрахан ауданының білім беру мекемелерінің білім алушылары үшін "Болашақ сарайы", балалар мен жасөспірімдер сарайындағы "СҰҢҚАР" сауықтыру кешенінде демалуға 33 оқушы жіберілді.

Қорытынды:

Денсаулықты сақтау әдістері мен принциптерімен танысу арқылы гигиеналық тәрбие бойынша оқушылардың сауаттылығы артты. Өз денсаулығын сақтау және нығайту үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған салауатты өмір салтының негіздері қаланды. Психопрофилактика және психогигиена әдістері туралы сауаттылық негіздері қалыптасты. Темекі шегу, алкоголь, есірткі қолдану секілді жаман әдеттерге теріс көзқарас қалыптасты

Ұсыныстар:

- Ерте жүктілік жағдайларының алдын алу мақсатында оқушылардың жыныстық тәрбиесі бойынша жұмыстың сапасын арттыру және әдістерін әртараптандыру;
- Қолайсыз отбасылардағы балаларға психологиялық көмек көрсетуді тұрақты негізде ұйымдастыруды қамтамасыз ету;

-- Дәрігерлермен бірлесіп тұрақты негізде темекі өнімдері мен электрондық темекілердің (вайптардың)зияны туралы жұмыс жүргізу.

1.4 .Оқу процесін ақпараттандыру.

Ақпараттық технологияларды қазіргі білім жүйесіне ендіру барынша ауқымды және кешенді сипат алуда.

Мектепте сабақ үрдісінде АКТ қолдану арқылы оқушыларымыз білім көкжиегін кеңейтіп келеді. Мұғалімдер мен оқушылар **Kundelik.kz, Kitap.kz, Academia.kz, www.itest.kz, YouTube** т.б платформалар арқылы оқу процесін құрып, оқу материалдарын орналастыру, талқылау жүргізу, кері байланыс алу және ұсыну, сайыстарға қатысу , білім сынау секілді машықтарды жүзеге асырады.

Компьютерлермен қамтамасыз ету.

Мектебімізде барлығы 93 компьютер техникасы(оның ішінде 33 жөндеуді қажет етеді)- 35.5%, 45 ноутбуктер мен 8 планшет, . 3 мультимедиялық тақта, 10 проектор және 7 экран бар. Барлық оқу кабинеттеріне интернет желісі қолжетімді. Алайда, мультимедиялық тақтаның ішкі кітапханалық қорының ескіруіне байланысты, қосымша бағдарламаны қайта жүктеуді талап етеді.Проекторлардың да мерзімі өтуіне байланысты жарықтың көмескіленуі байқалады.

Қорытынды: Педагогтар мен оқушыларды ақпараттық білім беру ортасын қалыптастыру мен енгізуге қатыстыруға тұрақты мотивациясын қалыптастыру жұмыстары жүргізіледі.

Ұсыныстар:

- Жаңа оқу жылында цифрлық платформалармен жұмыс жасауды жалғастыру;
- **YouTube** каналының жұмысын белсендіру және дамыту;
- Интернет желісінің жылдамдығын күшейту мақсатында қосымша нүкте орнатуға сұраныс жасау;
- МТБ(сенсорлық тақталар)нығайтуға өтініш беру;

2.Педагогикалық ұжыммен жұмыс

Біліктілікті арттыру

Мектеп педагогтарының жалпы саны – 38 адам, оның ішінде жоғары педагогикалық білімі-27, орта арнаулы білімі –11.

"Педагог-зерттеуші" біліктілік санаты -5, "педагог-сарапшы" -7, "педагог-модератор"-8, "педагог"-2, жоғарғы санатты-1, санаты жоқ-16.

Педагогикалық өтілі бойынша деректер:

3 жасқа дейін-6, 3 жастан 15 жасқа дейін-21, 16 жастан 25 жасқа дейін-8, 25 жастан жоғары-3.

Мұғалімдердің жас құрамы бойынша деректер: 30 жасқа дейін-5, 30 жастан 50 жасқа дейін-25, 50 жастан жоғары-8.

Педагогикалық ұжымның орташа жасы-38.

Қорытынды:Педагогикалық ұжымның сапалық құрамы былтырғы оқу жылымен салыстырғанда өзгеріссіз.

Ұсыныстар: Педагог кадрлардың санаттары мен білімін арттыру есебінен педагогтердің сапалық құрамын арттыру:

- модераторлар 8-ден 12-ге дейін;

- Сарапшылар 5-тен 6-ға дейін:
- зерттеушілер 5-тен 6-ға дейін:
- арнайы орта білімнен жоғары білімге дейін-2 педагог

➤ **2.2.Педагог қызметкерлерді аттестаттау.**

"Жалтыр ауылының №2 жалпы білім беретін мектебі" КММ жанындағы аттестаттау комиссиясына 8 өтініш түсті. Педагог-зерттеуші-3, Педагог-сарапшы-2, Педагог-модератор-3. Біліктілік бағалаудан 6 педагог өтті. Біліктілік бағалаудан аМиннуллина А.Ф.өткен жоқ(қайта даярлаудан өткені туралы сертификат талаптарға сәйкес келмейді)

Қолданыстағы аттестаттау қағидаларының №50 тармағына сәйкес А. С. Жұмағалиева қолданыстағы санатты автоматты түрде алды:МББ тапсырусыз. Семья М. (мұғалімнің жетістіктері аттестаттаудан мерзімінен бұрын өту талаптарына сәйкес келмейді). "Педагог" санатына Халанский Ю. А., Исмагулова А. К сәтті тапсырды . "Педагог" санаты Әбілдин А. Ж., Янченко А. С., Ерлан А. берілмеді

Қорытынды:

-ЖК тізбесіне енгізілген бейінді ЖОО-лар немесе өзге де ұйымдар базасында білім алу / білім деңгейін арттыру тұрғысынан педагогтармен жұмыс жүргізу.

-Мұғалімдерге "сәтсіздік"жағдайына түспеу үшін аттестаттау ережелерін егжей-тегжейлі зерделеуді ұсыну.

Ұсынымдар: педагог кадрлардың сапалы құрамын арттыру бойынша жұмысты жалғастыру.

✓ **2.3.Әдістемелік жұмыс**

✓ **Мектептің әдістемелік тақырыбы:**

"Педагогтардың кәсібилігін жетілдіру және оқу – тәрбие процесінде функционалдық-сауатты тұлғаны қалыптастыру"

➤ **Оқу қызметінің нәтижелері.**

2022/2023 оқу жылының басында мектепте 174 оқушы, мектепалды даярлық сыныптарда 14 оқушы оқыды. Мектепте оқу жылының соңында 20 сынып комплект, МДС-2.Оқу жылының соңында оқушылар саны – 171, оның ішінде, даярлық сыныбында -15 оқушы.

Оның ішінде буындар бойынша;

- 1-4 сыныптар – 75 оқушы;
- 5-9 сыныптар-71 оқушы;
- 10-11 сыныптар-10 оқушы;
- Үйде оқитын 1 оқушы;
- ЕБҚЕО бар - 7 оқушы.

2022/2023 оқу жылында сынып жиынтықтарының саны – 20.

Сыныптардың орташа толымдылығы:

- 9 оқушыдан 1-4 сыныптарда;
- 7 оқушыдан 5-9 сыныптарда;
- 5 оқушыдан 10-11 сыныптарда.

Негізгі мектеп курсы бітірген 15 оқушының 6-ы мектепте оқуларын жалғастырады (10 сыныпқа келеді), 9 оқушы ТкББҰ оқуын жалғастырды. 7 түлек оқуды 100% үлгеріммен аяқтап, 86% білім сапасын көрсетті, оның ішінде: "Алтын белгі" аттестаты - 1 (Әбдірашев Алдияр), Үздік аттестат -1 (Түлекеев Диас) иеленді.Еліміздің жоғары оқу орындарында оқуды жалғастырды-7 оқушы, оның ішінде білім беру гранттары негізінде -5 оқушы

Мектепте оқу жылының соңында 171(даярлық сыныбы-15) оқушы оқыды, 20 сынып комплект, 2 дайындық тобы болды.1-4 сыныптар-75 оқушы, 5-9 сыныптар-71 оқушы, 10-11 сыныптар-10 оқушы.

2022-2023 оқу жылы негізгі мектепті бітірген 15 оқушының 7-і оқуларын мектепте жалғастырады (10 сыныпқа келеді).

Жалпы орта мектепті бітірген 7 оқушы; Бір оқушы «Алтын белгі» аттестатына Абдрашев Алдияр тәмамдады . Бір оқушы Түлекеев Диас Үздік аттестатын иеленді.

Барлығы:

- үздік оқушылар-28 оқушы;
- екпінділер-59 оқушы;
- үлгеруші- 61 оқушы;
- үлгермегендер-0 оқушы;
- сапасы-64 %;
- оқу үлгерімі-100 %.

3 жылға бойынша білім сапасын талдау

	2020/2021 оқу жылы	2021/2022 оқу жылы	2022/2023 оқу жылы	Динамика
үлгерім	100%	100%	100%	
сапасы	53%	61%	64%	+3%

Қорытынды: өткен оқу жылымен салыстырғанда оқушылардың білім сапасы 3% - ға артты.

Ұсыныстар: Пән мұғалімдеріне келесі оқу жылында, осы білім сапасын сақтауға және мүмкіндігінше қосымша сабақтар өткізу арқылы және ата-аналармен жұмыс жасау арқылы, білім сапасын көтеру жолында жүйелі жұмыстар жоспарлау

➤ **Қорытынды аттестация нәтижесі**

2022-2023 оқу жылын аяқтау және орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 10 сәуірдегі № 88 бұйрығы негізінде мектептің №21 бұйрығы негізінде жүргізілді. Мектепте қорытынды аттестаттауға даярлық жоспары жасалынып, қосымша сабақтар кестесі құрылды. Оқушылардың қосымша білім алуына толық жағдай жасалынып, емтиханға жүйелі әзірлік жасаулары әкімшілік назарында болды

.Негізгі мектеп курсы бойынша білім сапасы -58% құрап, былтырғы оқу жылымен салыстырғанда 3% кему көрсеткішін байқатты. Орта мектеп курсына қорытынды аттестаттау бойынша 11 сынып бойынша 7 түлектің білім сапасы-86% пайызды құрап, былтырғы оқу жылымен салыстырғанда 41% көтерілгенін көруге болады, оның ішінде "Алтын белгі" аттестат-1 (Әбдірашев Алдияр), үздік аттестатты -1 (Тулекеев Диас) алды. Еліміздің жоғары оқу орындарында оқуды жалғастырды-7, оның ішінде білім беру гранттары негізінде -5 оқушы алды.

Қорытынды:

- үлгерімі төмен оқушылармен пән мұғалімдерінің жеткіліксіз жұмысы;
- ата-аналардың бақылауының төмендеуі;
- оқуға деген жауапсыздық, оқушылардың оқуға деген ынтасы әлсіз.

Ұсыныстар:

1. Пәндерге оқуда олқылықтары бар оқушылармен жүйелі түрде жоспар бойынша жұмыс істеу қажет ;
2. Қызығушылықты ояту және оқуға ынталандыру үшін сабақта жұмыс істеу әдістері мен формаларын әртараптандыру;
3. 2023-2024 оқу жылына МБЖ бойынша жұмысты сапалы жоспарлау;
4. Пән мұғалімдерінің жұмысына қатаң бақылау жүргізу.

❖ **“Ғылыми жұмыс (нәтижелілігі)**

Мектепте зерттеу жұмыстары белсенді жүргізілуде. Сәуір айында "Зерде" бағыты бойынша 2-6 сынып оқушыларының зерттеу жұмыстарын қорғау жүргізілді. 9 жұмыстың 7-і комиссия мүшелерінің жоғары бағасына ие болды және "Зерде" аудандық кезеңіне қатысу үшін іріктелді.

❖ **Олимпиадаларды ұйымдастыру және өткізу (нәтижелілігі)**

✓ **2022/2023 оқу жылындағы байқауларға, олимпиадаларға, іс-шараларға мұғалімдердің қатысуы:**

«Үздік педагог» -3 орын (Дюсебеков К.С.)-аудандық байқау

Үздік бастауыш сынып -2 орын. (Семья Майра) -аудандық байқау
«Алтын тұғыр» - 3 место. (Семья Майра)-облыстық байқау
Педстарт-2022-1 место (Картабаева Б.К.-республикалық
Педстарт-2023 -1 место (Найманбаева.А.А.)-республикалық
«Мақатаев оқулары» -1 место (Семья Майра)-республикалық

✓ **Оқушылардың 2022/2023 оқу жылындағы конкурстарға, олимпиадаларға, зияткерлік ойындарға, іс-шараларға қатысу қорытындысы.**

«Дарын» олимпиадасы 5-6 сынып 1 орын -1, 2 орын -2, 3 орын -3.(аудандық кезең)

«Дарын» олимпиадасы 5-6 сынып 2 орын-1, 3 орын -1. (облыстық кезең)

«Дарын» олимпиадасы 7-8 сынып 3 орын -1. (аудандық кезең)

Олимпиада «Лингвист» 1 орын (район), 2 орын(облыстық кезең).

«Мақатаев оқулары» 1 орын-2, 2 орын -1.

«Әбіш оқулары» 3 орын-1.

«Дариға жүрек...»1 орын-1, 3 орын-1.

«Менің Қазақстаным» 1 орын-1.

«Абай оқулары» 1 орын-1, 2 орын-1.

II республикалық «Дариға жүрек...» атты «Бейнелеу өнері» 3 орын-1.

«Әбіш оқулары» 3 место-1.

«Дариға жүрек...»1 место-1, 3 место-1.

«Менің Қазақстаным» 1 место-1.

«Абай оқулары» 1 место-1, 2 место-1.

II республикалық «Дариға жүрек...» атты «Бейнелеу өнері» 3 место-1.

❖ **Қашықтық олимпиадалар(нәтижелілігі)**

Оқушылардың "Ақбота"зияткерлік олимпиадасына қатысу қорытындысы

1 орын -13 оқушы, 2 орын -8 оқушы иеленді.

Оқушылардың зияткерлік олимпиадаға қатысу қорытындысы

"Кенгуру- математика барлығы үшін"

2 орын -9 оқушы, 3 орын -4 оқушы иеленді.

Оқушылардың аудандық, облыстық пәндік олимпиадаларға қатысуын талдау

Аудандық пәндік олимпиадаға -5 оқушы қатысты, оның ішінде 1 орын-1, 3 орын -3. Пәндік олимпиаданың облыстық кезеңіне 1 оқушы қатысып, 3 орын алды.

Қорытынды:

Оқу жылында оқушылар түрлі деңгейдегі байқауларға, олимпиадаларға белсене қатысты. Облыстық деңгейдегі олимпиадада 4 оқушы жеңімпаз атанды:

Ұсыныс:

Пән мұғалімдеріне оқушыларды пәндік олимпиадалар мен конкурстарға дайындауда жүйелі тәсілдер әзірлеу.

Мотивациясы қарқынды балаларды ерте диагностикалау жөніндегі жұмысты күшейту.

❖ Тәрбие жұмысы

Оқу жылының басынан тәрбие жұмысының жоспары әкімшілік тарапынан бекітіліп, 8 бағыт бойынша жұмыс жүргізілді. Мектепте «Шаңырақ» клубы, «Өзін өзі басқару», «Жас Ұлан» бірінғай балалар қозғалыс ұйымы, «Дебат» клубы, «Жас құтқарушылар» ұйымы, «Жас сарбаз» патриоттық ұйымы, «Еріктілер» жасағы сынды ұйымдар өз жоспарларына сай іс- шаралар атқарды. Сынып жетекшілер бірлестігі өздерінің жоспарына сай жұмыс жасап, өткізілген отырыстар хаттамалары толық талапқа сай рәсімделді.

Тәрбие жұмысының барлық жоспарларында девиантты мінез-құлық балаларымен жеке жұмыс, сондай-ақ сыныппен алдын алу жұмыстары ескерілген.

Мектеп бойынша мектепшілік есепте 6 оқушы тұрады:

Барлық сынып жетекшілері жеке бақылау күнделіктерін жүргізеді, түзету іс-шараларының жоспарларын жасайды, бақыланатын оқушылардың отбасыларының тұрғын үй жағдайларын тексеру актілері бар.

Барлық «тәуекел тобы» оқушылары сабақтан тыс (үйірме, секциялар) жұмыспен қамтылған.

Қорытынды: «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында, «Тәрбие және білім» жобасы бойынша негізгі төрт бағытта жұмысты жалғастыру

Ұсыныс:

-«Шаңырақ» клубының мүшелері ұлттық мүддені көздейтін міндеттер қоя отырып, ұйымның бағыттарын кеңейту;

- Мектепшілік тізімде тұрған оқушылар санын азайту

Ата –аналар қауымдастығымен жұмыс

Мектебімізде ата-аналармен тығыз байланыста қарқынды жұмыс жүргізіледі. Ата -аналармен тәрбие ісі меңгерушілері, әлеуметтік педагог, педагог-психолог жұмыс жоспарларын құрып жыл бойы ата- аналарға педагогикалық-психологиялық көмек көрсетілді.

Жыл бойы жоспар бойынша 4 жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы өткізілді.

2021-2022 оқу жылынан бастап, мектебімізде «Шаңырақ» клубы құрылды. Клубтың бір бағытыты: қыз балаларға тәлім-тәрбие мен ұлттық құндылықтарды сіңіру мақсатында жұмыс жасады. Ұйым басты мақсаты қыз бала тәрбиесін халқымыздың ежелгі озық дәстүрлері негізінде жүргізу және оны бүгінгі заманның жетістіктерімен ұштастыру

Мектеп мәселесі:

Мектеп мәселелері:

- 1) педагогтердің орташа сапалық құрамы.
- 2) ғылыми - зерттеу бағытындағы төмен деңгей.
- 3) БПҰ-ның төмен деңгейде таралуы.
- 4) қолайсыз отбасылар проблемасы.
- 5) МТБ әлсіздігі.

- Білім сапасын сақтап қалу 64%
- Болашақ «Алтын белгі» және үздік аттестат үміткерлерінің білімін растауға жағдай жасап, бақылауда ұстау.
- Педагогтардың кадрлық біліктілік деңгейлерін арттыруға жағдай жасау.
- Озық педагогикалық тәжірибелерді тарату бойынша жұмыстарды қолға алу.
- Ата-аналармен бірлескен жұмыстарды жалғастыру.
- Мектепшілік бақылауда тұрған оқушылардың санын азайту.

Мектеп тақырыбы «Этнопедагогика элементтерін қолдану және цифрлық сауаттылық құзыреттілікті дамыту арқылы ұлттық құндылықтарға негізделген, оқыту сапасын арттыру мақсатында оқу-тәрбие үрдісін жетілдіру»

Мақсаты Ақпараттық-білім беру технологияларын қолдану арқылы білім сапасын 64 % ды сақтау, білім алушыларға ұлттық құндылықтарды сіңіру үшін этнопедагогика элементтерін енгізу .

Міндеттер:

1. оқыту сапасын арттыру көзделеді:

- әр түрлі сандық, инновациялық әдіс-тәсілдер мен платформаларды қолдану арқылы білім сапасын арттыру
- оқу сабақтарының практикалық және тәрбиелік әлеуетін күшейту;
- жоғары ынталы және мотивация анықтау, дамыту және қолдау жөніндегі жұмысты жетілдіру, олардың жеке және әлеуметтік өзін-өзі жүзеге асыруын қамтамасыз ету.

2. Білім беру үрдісінде көрнекі оқыту технологияларын оқу ақпаратында пайдалану арқылы педагогтердің кәсіби құзыреттілік деңгейін үздіксіз арттыру және олардың қызметін жетілдіру, санаттары мен білімін арттыру есебінен педагогтердің сапалық құрамын арттыру
 - модераторлар 8-ден 12-ге дейін;
 - сарапшылар 5-тен 6-ға дейін;
 - зерттеушілер 5-тен 6-ға дейін;
 - арнайы орта білімнен жоғары білімге дейін-2 педагог.
3. Білім беру мекемесінде, отбасында және әлеуметтік ортада білім алушылардың толыққанды тұлғалық дамуы, азаматтығын, патриоттығын, жауапкершілігін, рухани - адамгершілік құндылықтарын, көшбасшылық қасиеттері мен бірлесіп басқару дағдыларын, кәсіби және ұлттық құндылықтарды сіңіру жұмыстарын жалғастыру:
4. Қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасымен қамтамасыз ету:
5. Мұғалімдердің педагогикалық тәжірибесін жинақтау және тарату бойынша жұмысты жалғастыру.
6. «Шаңырақ» клубының бағыттарын кеңейту мақсатында «Аталар» ұйымын құру.
7. Инклюзивті білім беруді қамтамасыз ету.

II бөлім.Қазіргі заманғы талаптарға сәйкес білім сапасы мен үлгерімін қамтамасыз етуге бағытталған мектеп қызметін ұйымдастыру

Жұмыстың негізгі бағыттары	Іс-шаралар	мерзім	Жауаптылар
1	2	3	4
2.1 Білім туралы мемлекеттік	1. Стандартты нысандар бойынша есеп беру науқаны . Статистикалық есептер, оқу, тәрбие жоспарларын келісу, тарифтеу, сабақ кестесі. 2)9,11 сынып оқушыларының жұмысқа орналасуын талдау. 3.1-11 Сыныптарды жинақтау.	Тамыз - қыркүйек	Әкімшілік Директордың ТІ

<p>нормативтік құжаттарды орындауға бағытталған мектеп қызметін ұйымдастыру Азаматтардың білім алу құқығын іске асыру (жалпыға бірдей оқыту)</p>	<p>4. Үйірмелер, секциялар, МЖӘ ұйымдастыру. Кесте құру . 5. Білім алушылардың қозғалысын бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру 6. Білім алушыларға кітапханалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру, оқулықтармен қамтамасыз ету 7. "Мектепке жол", "Қамқорлық" акциялары 8. Бағдарламалық материалдың, КР нормаларының орындалуын бақылау. 9. 9,11 сыныптарда қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру, дайындау және өткізу. 10. 5-8, 10 сыныптарда аралық аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу. 11. Қауіпсіздік техникасы мен санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуын тексеру бойынша жұмысты ұйымдастыру 12. Сыныптардың әлеуметтік паспорты. Жетім балаларды, көп балалы және аз қамтылған балаларды жаңадан келген оқушылар қатарынан анықтау 13. ҰББДҚ базасын және мектеп оқушыларының базасын жаңарту 14. Оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету 15. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру</p>	<p>Қыркүйек 1 апта Үнемі Үнемі Үнемі Жыл бойы мамыр</p>	<p>орынбасарлары Найманбаева А.А. Баймағамбетова Ж.А. Кітапханашы Хисамутдинова З.Г. Директордың ТІ орынбасарлары Найманбаева А.А. Баймағамбетова Ж.А. Директордың ОІ орынбасарлары Томкова Н.Э: Махметова М.Б. Әлеуметтік педагог Абенов Д.Д., Дюсебеков К.С. Директордың ТІ орынбасарлары Найманбаева А.А. Баймағамбетова Ж.А.</p>
<p>2.2 Білім беру процесін ақпараттандыру</p>	<p>1) компьютерлік техника мен перифериялық құралдардың жай-күйін диагностикалау. 2) компьютерлік сыныптың және оқу кабинеттерінің компьютерлік техникамен қамтамасыз етілуін тексеру. 3) мектеп сайтының жұмысы, әлеуметтік желілер.</p>	<p>Тамыз-қыркүйек үнемі</p>	<p>Информатика мұғалімі Кабдулина Г.К., лаборант. Директордың ТЖ орынбасарлары: Баймағамбетова Ж.А., Найманбаева А.А.</p>

	<p>4) ҰБДҚ базасының, kundelik.kz. электрондық журналдың толтырылуын тексеру</p> <p>5. Білім беру процесінің барлық қатысушыларын мемлекеттік қызметтерді электрондық үкімет порталы арқылы алу мүмкіндігі туралы хабардар ету Egov.kz және EgovKzBot</p>	үнемі	Директордың ОІ орынбасарлары: Махметова М.Б., Томкова Н.Ә.
<p>2.3. Қауіпсіздік ережелерін сақтау. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау</p>	<p>1) Еңбекті және ӨҚ қорғауды ұйымдастыру - ғимаратты техникалық тексеру; - мектепте сантехникалық режимді, ҚТ ережелерін сақтау; -оқу кабинеттерін қарау.</p> <p>2) мектеп қызметкерлері үшін ҚТ бойынша нұсқама.</p> <p>3) оқушылармен ҚТ бойынша нұсқамалар.</p> <p>4) тәуекелі жоғары кабинеттердегі нұсқамалар.</p> <p>5) ЖҚЕ насихаттау жөніндегі іс-шаралар.</p> <p>6) ТЖ алдын алу жөніндегі іс-шаралар.</p> <p>7 Мұғалімдер мен зертханашылардың еңбек қауіпсіздігі стандарттарын, жұмыстарды жүргізу нормалары мен қағидаларын білуіне тексеру жүргізуді ұйымдастыру</p> <p>8. "Оқушылардың өмірі мен денсаулығын қорғау туралы"мектеп бұйрығы Санитарлық ережелер мен СанПИН нормаларына сәйкес санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуын тұрақты бақылауды жүзеге асыру: -ОУ, ас блогының санитарлық-гигиеналық жай-күйі, сынып үй-жайларының, спортзалдың, шеберханалардың және басқа да үй-жайлардың жарық, ауыз су, ауа режимдері; - сабаққа қойылатын санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау: ұсынымдарға сәйкес оқушыларды отырғызу, мектеп кестесін валеологиялық талдау, оқу сабақтарының шамадан тыс жүктелуінің алдын алу,</p>	<p>Әр бейсенбі</p> <p>Тамыз-қыркүйек</p> <p>қыркүйек</p> <p>қажетінше</p> <p>кестеге сай</p> <p>кесте бойынша</p>	<p>Мурзабеков Г.К.</p> <p>Мурзабекова Г.К.</p> <p>Сын.жетекшілер химия, биология, физика, информатика, көркем еңбек, дене тәрбиесі мұғалімдері.</p> <p>Сын жетекшілер</p> <p>Абильдин А.Ж.,сын жет.</p>

	үй тапсырмаларын мөлшерлеу; - 1-11 сынып оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету 9. Мектеп оқушылары арасында жарақаттану мен жазатайым оқиғалардың алдын алу және ескерту бойынша мектептің педагогикалық ұжымына нұсқама өткізу		Әлеуметтік педагог Абенов Д.Д., Дюсебеков К.С Абильдин А.Ж.,сын жет.
--	--	--	---

III бөлім.Басшылық және бақылау

Негізгі жұмыс бағыты	Іс-шара тақырыптары	жауаптылар	мерзімі
Педагогикалық кеңестер			
Педагогикалық кеңес №1	1.«Мектептің 2022/2023 оқу жылындағы жұмысын талдау. Жаңа 2023/2024 оқу жылындағы міндеттер, мектептің жаңа әдістемелік тақырыбымен таныстыру 2.Мектептің жаңа 2023/2024 оқу жылындағы жұмыс жоспарын бекіту 3.2023-2024 оқу жылының ерекшеліктері: екпіндер, инновациялар, перспективалар 2023-2024 оқу жылының ӘНХ мен Үлгілік оқу жоспарларын және енгізілетін оқу бағдарламалары мен оқулықтарды, апталық оқу жүктемелерінің сағаттары туралы кеңесу 4.Еңбекті қорғау және техникалық қауіпсіздік жұмыстарына арналған іс-шараларды бекіту	Директор Серикбаева А.У., директордың ОТИ жөніндегі орынбасарлары Баймағамбетова Ж.А., Найманбаева А.А. ОЖ орынбасарлары: Томкова Н.Э Махметова М.Б.	Тамыз
Педагогикалық кеңес №2	Тақырыбы: 1.Ұлттық құндылықтар арқылы оқушыларға білім мен рухани тәрбие беру	Бастауыш сынып мұғалімдері: Сиитова Ж. Мифтахова Д.Р.	Қараша

	<p>2. 2-11 сыныптың бірінші тоқсандағы үлгерім нәтижелер.</p> <p>3. Балалардың қауіпсіздігі үшін мектептің жауапкершілігі (дөңгелек үстел)</p>	<p>директордың ОЖ орынбасарлары: Томкова Н.Э Махметова М.Б.</p> <p>ҒЖЖ орынбасарлар: Абишева Ф.Т Картабаева Б.К.</p>	
Педагогикалық кеңес №3	<p>1. Білім алушылардың танымдық қызығушылығын арттыру үшін цифрлық білім беру ортасының мүмкіндігін пайдалану (кейс стади)</p> <p>2. . 2-11 сыныптың бірінші жартыжылдықтағы оқу үлгерімінің қорытындысы.</p> <p>3. Бірінші жартыжылдық бойынша тәрбие жұмысының есебі</p> <p>4.«Іскерлік қарым-қатынас этикасы» коучинг</p> <p>5. Даярлық сыныбы мен шағын орталықтың жартыжылдықтағы балардың даму динамикасының талдауы.</p>	<p>Абишева Ф.Т Томкова Н.Э</p> <p>ОІ жөніндегі директордың орынбасарлары: Томкова Н.Э Махметова М.Б.</p> <p>директордың ОІ жөніндегі орынбасарлары Баймағамбетова Ж.А., Найманбаева А.А.</p> <p>Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы: Жумабеков Б.Т.</p> <p>Тәрбиешілері: Билялова Р.Ж., Есмағамбет Қ.Қ.</p>	Қаңтар
Педагогикалық кеңес №4	1. «Білім беру ұйымдарында инклюзивті мәдениетті қалыптастыру» (шебер- сынып)	ОІ жөніндегі директордың орынбасарлары: Томкова Н.Э. Бастауыш сынып мұғалімі: Каратовская Л.Н.	Наурыз

	<p>2. 2-11 сыныптың III тоқсандағы оқу үлгерімінің қорытындысы.</p> <p>3. 9-11 сыныптар үшін таңдау емтихандарын бекіту туралы</p> <p>4. «Алтын белгі» белгісі мен үздік аттестат алу үшін 9-11 сынып оқушыларын таныстыру</p>	<p>Психолог Исмагулова А.К. директордың ОІ жөніндегі орынбасарлары: мкова Н.Э Махметова М.Б.</p> <p>Сынып жетекшілер: Абишева Ф.Т., Науменко Т.И., Жұмағалиева А.С.</p>	
Педагогикалық кеңес №5	<p>1. «Қазақ тілі» және орыс сыныптарында «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерінен 5-8,10 сыныптарда аралық аттестаттау өткізуге дайындықты талқылау. «9,11 сынып оқушыларын қорытынды аттестацияға қабылдау»</p> <p>2. «Шебер ұстаз қоржыны» тәжірибе алмасу</p> <p>3. Білім беру үрдісіне қатысушыларға психологиялық қолдау</p> <p>4. Педагогтардың аттестация алды жұмыс нәтижелерімен танысу.</p>	<p>9-11 сынып оқушыларының жетекшілері : Абишева Ф.Т., Науменко Т.И., Жұмағалиева А.С. Жыл бойы конкурстарға қатысқан ұстаздар</p> <p>Мектеп психологі Исмагулова А.К.</p> <p>ҒЖЖ орынбасарлар: Абишева Ф.Т Картабаева Б.К.</p>	Сәуір
Педагогикалық кеңес №6	<p>1.Тақырыбы: «Террористік шабуыл кезіндегі мектеп қызметкерлерінің іс – әрекет алгоритмі»</p> <p>2«2023/2024 оқу жылының аяқталуы туралы: 1–4, 5–8, 10-сынып оқушыларының емтиханға дайындықтары</p>	<p>АӘТД пәні мұғалімі Абильдин А.Ж.</p> <p>Директордың ОІ жөніндегі орынбасарлар:</p>	Мамыр

	<p>туралы</p> <p>3. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру</p> <p>4. 4-тоқсан және жылдық қорытынды</p>	<p>Томкова Н.Э Махметова М.Б. Директордың ТІ жөніндегі орынбасарлары: Баймағамбетова Ж.А., Найманбаева А.А. Директордың ОІ жөніндегі орынбасарлар: Томкова Н.Э. Махметова М.Б.</p>	
Педагогикалық кеңес №7	<p>1. «Қазақ тілі» және орыс сыныптарында «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерінен 5-8,10 сыныптарда аралық аттестаттау нәтижелері.Сыныптардың келесі сыныпқа көшірілуі.</p> <p>2.«Негізгі жалпы білім беру курсы бойынша 9-сынып оқушыларын қорытынды аттестаттау нәтижесі»</p> <p>2. «Жалпы орта білім беру курсы бойынша 11-сынып оқушыларын қорытынды аттестаттау нәтижесі</p> <p>3. Жаңа 2024__/2025_ оқу жылына мектептің жылдық күнтізбелік оқу кестесін және жұмыс режимін бекіту.</p>	<p>Директордың ОІ жөніндегі орынбасарлары: Томкова Н.Э. Махметова М.Б.</p> <p>Директордың ТІ жөніндегі орынбасарлары: Баймағамбетова Ж.А., Найманбаева А.А.</p>	Маусым
Директордың жанындағы кеңестер			
3.2. Директор жанындағы кеңестер.	Іс-шара тақырыптары	жауаптылар	мерзімі
Директордың жанындағы кеңес №1	1.Мектептің оқу жылының ұйымдасуын бастау дайындығы	Директор А.У.Серикбаева Завхоз Мурзабекова Г.К Директордың ОТІ жөніндегі	Қыркүйек

	<p>2.Жаңа оқу жылына кадрлармен толықтыру</p> <p>3.Мектеп оқушыларын оқулықтармен қамтамасыз ету.</p> <p>4.«Тәуекел тобындағы» балалармен ,аз қамтылған отбасылармен жұмысты жоспарлау.</p> <p>5.Мектептің санитарлы-гигиеналық жай күйі туралы</p> <p>6.Ыстық тамақты ұйымдастыру</p> <p>7.Үйде оқитын ЕБҚ бар оқушылармен жұмысты ұйымдастыру</p> <p>8.2-9кл барлық пәндер бойынша бастапқы бақылау жұмыстарының (кіріс бақылау) қорытындылары</p>	<p>орынбасарлары: Томкова Н.Э. Махметова М.Б. Абишева Ф.Т. Картабаева Б.К.</p> <p>Кітапхана меңгерушісі Хисамутдинова З.Г. Әлеуметтік педагог Абенов Д.Д. Дюсебеков К.С.</p> <p>Мейірбике Медсестра Каукенова К.К. Әлеуметтік педагог Абенов Д.Д. Дюсебеков К.С. Директордың ОІ жөніндегі орынбасарлары.: Томкова Н.Э. Махметова М.Б.</p>	
<p>Директордың жанындағы кеңес №2</p>	<p>1.Халықаралық тестілеуге PISA.дайындық туралы.</p> <p>2.Оқушылардың мектепке бейімделу процесін бақылау нәтижелері (1, 5-сыныптар, жаңадан келген балалар).</p> <p>3. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес жұмысы.</p>	<p>Директордың ОІ жөніндегі орынбасарлары, психолог Томкова Н.Э. Махметова М.Б. Исмагулова А.К. Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы:</p>	<p>Қазан</p>

	<p>4. Мектеп құжаттамасын жүргізу сапасын бақылау қорытындылары (оқушылардың жеке істері, журналдар.</p> <p>5. «Күнделік» жүйесіндегі жұмыс мониторингі.</p>	<p>Жумабеков Б.Т. Директордың ОІ жөніндегі орынбасарлары.: Томкова Н.Э. Махметова М.Б.</p>	
<p>Директордың жанындағы кеңес №3.</p>	<p>1.Қорытынды аттестаттауға және мониторингтік зерттеулерге дайындық, дайындық шеңберінде оқушылармен жеке жұмыс істеу үшін жағдай жасау туралы.</p> <p>2.2-4 сыныптардағы оқу техникасының деңгейі.</p> <p>3. Пәндік олимпиадалардың мектеп кезеңінің нәтижелері</p> <p>4. Оқушыларды қорытынды аттестаттауға және ҰБТ-ға дайындық туралы.</p> <p>5. «Күнделік» жүйесіндегі жұмыс мониторингі</p> <p>6.МШ оқушыларды психологиялық сүйемелдеу.</p>	<p>Директордың ОІ жөніндегі орынбасарлары: Томкова Н.Э. Махметова М.Б.</p> <p>Кітапханашы Хисамутдинова З.Г.</p> <p>Директордың ҒЖ жөніндегі орынбасарлары Абишева Ф.Т. Картабаева Б.К.</p> <p>Директордың ОІ жөніндегі орынбасарлары: Томкова Н.Э. Махметова М.Б.</p> <p>Директордың ОІ жөніндегі орынбасарлары: Томкова Н.Э. Махметова М.Б.</p> <p>Психолог Исмагулова А.К.</p>	<p>Қараша</p>

	7. Бракеражды комиссияның бірінші кварталдық жұмысының есебі.	Мектеп директоры Серикбаева А.У.	
Директордың жанындағы кеңес №4.	<p>1. Білім беру сапасын бағалауды межелік бақылау (I жартыжылдықтың қорытындылары).</p> <p>2. Пәндік олимпиадалардың аудандық турына қатысу қорытындысы.</p> <p>3. Қысқы демалыс кезінде оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру туралы.</p> <p>4. Жасөспірімдер қылмысын алдын алу бойынша талдау.</p> <p>5. Мектеп сайтының жұмысы туралы.</p>	<p>Директордың ОI жөніндегі орынбасарлары Томкова Н.Э. Махметова М.Б.</p> <p>Директордың ҒЖ жөніндегі орынбасарлары Абишева Ф.Т. Картабаева Б.К.</p> <p>Директордың ОТИ жөніндегі орынбасарлары Баймағабетова Ж.А. Найманбаева А.А.</p>	Желтоқсан
Директордың жанындағы кеңес №5.	<p>1. Құқық бұзушылықтардың алдын алу.</p> <p>2. 5-11 сынып оқушыларының дәптерлерін тексеру нәтижелері.</p> <p>3. СӨС насихаттау арқылы балалар мен жасөспірімдердің қоғамға қарсы мінез-құлқының алдын алу бойынша</p>	<p>Директордың ОТИ жөніндегі орынбасарлары Баймағабетова Ж.А. Найманбаева А.А.</p> <p>Әлеуметтік педагогтар: Абенов Д.Д. Дюсебеков К.С.</p> <p>ӘБ жетекшілері; Шаяхметова Г.Т., Оспанова С.Қ.</p> <p>Директордың ОТИ жөніндегі</p>	Қаңтар

	<p>профилактикалық жұмысты ұйымдастыруды бақылау қорытындылары</p> <p>4. Дайындық сыныбы мен шағын-орталықтың I жартыжылдық қорытындысы бойынша жағдайының талдамасы</p> <p>5. «Жас сарбаз» клубының жұмысының тиімділігі.</p>	<p>орынбасарлары: Баймағабетова Ж.А. Найманбаева А.А.</p> <p>Директордың ОI жөніндегі орынбасары Томкова Н.Э. Махметова М.Б</p> <p>АӘТД мұғалімі Абильдин А.Ж.</p>	
<p>Директордың жанындағы кеңес № 6.</p>	<p>1. 3-ші тоқсанның алдын ала қорытындылары.</p> <p>2. Қорытынды аттестаттауға, Қаңтардағы 2024-ҰБТ-ға дайындық бойынша жұмыс барысы туралы</p> <p>3. «Күнделік» электронды журналымен жұмыс істеу мониторингі.</p> <p>4. Оқушылардың ББЖМ зерттеулеріне қатысуын дайындықтарын бақылау.</p> <p>5. Бракеражды комиссияның екінші кварталдық жұмысының есебі.</p>	<p>Директордың ОI жөніндегі орынбасары Томкова Н.Э. Махметова М.Б. директордың ОI жөніндегі орынбасары Махметова М.Б.</p> <p>Директордың ОIІ жөніндегі орынбасарлары: Баймағабетова Ж.А. Найманбаева А.А. Мектеп директоры Серикбаева А.У.</p>	<p>Ақпан</p>
<p>Директордың жанындағы кеңес № 7.</p>	<p>1. Мектепшілік ғылыми қоғам жұмысы туралы.</p>	<p>Директордың ҒЖ жөніндегі орынбасары Абишева Ф.Т. Картабаева Б.К.</p>	<p>Наурыз</p>

	<p>2.9,11-сыныптарда қорытынды аттестаттауға дайындық шеңберінде ГП сабақтарына қатысу қорытындылары.</p> <p>3. Элективті курстар мен үйірме жұмысының қорытынды нәтижелері.</p> <p>5. Бастауыш сыныптардың оқытылу жағдайы.</p> <p>6. . 9,11 сынып оқушыларымен кәсіптік бағдар беру жұмысының жағдайы.</p>	<p>Директордың ОІ жөніндегі орынбасары; Томкова Н.Э. Махметова М.Б.</p> <p>Директордың ОТІ жөніндегі орынбасарлары: Баймағабетова Ж.А. Найманбаева А.А.</p> <p>Директордың ОІ жөніндегі орынбасарлары Томкова Н.Э., Махметова М.Б. ӘБ жетекшісі: Каратовская Л.Н. Педагог-психолог Исмагулова А.К.</p>	
<p>Директордың жанындағы кеңес № 8.</p>	<p>1. .Емтихан комиссияларының құрамын және консультациялар кестесін бекіту.</p> <p>2. Оқушылар арасында жарақаттанудың алдын алу бойынша алдын алу жұмыстарының жай-күйі (ЖҚЕ, ӨСҚ мәселелері).</p>	<p>Директордың ОІ жөніндегі орынбасарлары; Томкова Н.Э. Махметова М.Б.</p> <p>Пән мұғалімдері Директордың ОТІ жөніндегі орынбасарлары Баймағабетова Ж.А.</p>	<p>Сәуір</p>

	<p>3.Қорытынды аттестаттауға, 2024-ҰБТ-ға дайындық бойынша жұмыс барысы туралы.</p> <p>4. Қамқорлық кеңесі жұмысының қорытындысы</p> <p>5.Ата аналар комитеті жұмысының қорытындысы.</p>	<p>Найманбаева А.А.</p> <p>Директордың ОІ жөніндегі орынбасарлары Томкова Н.Э. Махметова М.Б.</p> <p>Директордың ОТІ жөніндегі орынбасарлары, Баймағабетова Ж.А. Найманбаева А.А.</p>	
<p>Директордың жанындағы кеңес № 9.</p>	<p>1 Білім беру сапасын бағалауды межелік бақылау (II жартыжылдықтың қорытындылары, жылдың қорытындылары).</p> <p>2. Түлек-2024» салтанатты жиынын ұйымдастыру жоспарын бекіту.</p>	<p>Директордың ОІ жөніндегі орынбасарлары Томкова Н.Э. Махметова М.Б.</p> <p>Сын.жет Тәлімгерлер Директордың ТІ жөніндегі орынбасарлары Баймағабетова Ж.А. Найманбаева А.А. Кбдулина Г.К.</p>	<p>Мамыр</p>

	<p>3. 4, 7, 9 сынып оқушыларының дене шынықтыру деңгейін талдау, Президенттік тест тапсыруға дайындық</p> <p>4. Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту жөніндегі жұмыстың қорытындысы.</p> <p>5. «Жаз – 2024» бағдарламасын бекіту. Мектеп жанындағы алаңды ұйымдастыру.</p> <p>6. Мектептің бір жылдағы жұмысына талдау жасау және келесі жылға жоспарлау туралы.</p> <p>7. Бракеражды комиссияның екінші кварталдық жұмысының есебі.</p>	<p>Яненко А.С.</p> <p>Дене шынықтыру пәні мұғалімдері. Жумабеков Б.Т. Ерлан А. Абильдин А.Ж.</p> <p>Завхоз Мурзабекова Г.К.</p> <p>Директордың ОТИ жөніндегі орынбасарлары Баймағабетова Ж.А. Найманбаева А.А.</p> <p>Директордың ОТИ жөніндегі орынбасары Заместитель директора по УВР Томкова Н.Э. Махметова М.Б.</p> <p>Мектеп директоры Серикбаева А.У.</p>	
Әдістемелік кеңес отырысы			
Әдістемелік кеңес № 1	1. Жаңа оқу жылындағы әдістемелік жұмыстардың басты бағыттары. ӘБ жұмыс жоспарын бекіту	Директордың ҒЖ жөніндегі орынбасарлары:	қыркүйек

	<ol style="list-style-type: none"> 2. Цифрлық сауаттылық әдістемелерін зерделеу 3. Нормативтік құжаттармен таныстыру 4. Мотивациясы жоғары және оқу деңгейі төмен оқушылармен жұмыстың бағытын айқындау 5. Аттестатталушы педагогтарға әдістемелік көмек көрсетудің сапасы 6. Қорытынды аттестацияға қатысатын оқушының психологиялық жай- күйін бақылау сапасы 	<p>Абишева Ф.Т. Қартабаева Б.Қ ОТЖ орынбасарлары Мектеп директоры Пән мұғалімдері Абишева Ф.Т. Қартабаева Б.Қ Психолог Исмагулова А.Қ.</p>	
Әдістемелік кеңес № 2	<ol style="list-style-type: none"> 1. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясындағы кітапхананың рөлі» /баяндама/ 2. Ғылыми жобаларға қатысу сапасын мониторингілеу 3. Пән апталықтарының өткізілуі деңгейі бойынша сараптау 4. Бастапқы, тоқсандық білім сапасына сараптама 5.« Сынып сағаттарындағы этнопедагогиканың элементтері тиімді қолдану» баяндама 	<p>Кітапханашы Хисамутдинова З.Ф. Директордың ҒЖ жөніндегі орынбасарлары: Абишева Ф.Т. Қартабаева Б.Қ, ӘБ жетекшілері Баймағанбетова Ж.А. Найманбаева А.А.</p>	қараша
Әдістемелік кеңес № 3	<ol style="list-style-type: none"> 1. « Білім сапасын арттырудағы Lesson Study – дін тиімділігі» баяндама 2. Мектепшілік олимпиаданың қорытындысы, аудандық пән олимпиадасына қатысу сапасы 3.Үздік авторлық бағдарлама конкурсына ұсынылған материалдардың сапасы, нәтижесі 4. Нормативтік құжаттардағы өзгерістермен таныстыру 5.Мектептегі инклюзивті оқытудың сапасы 	<p>Томкова Н.Э. Махметова М.Б. Абишева Ф.Т. Қартабаева Б.Қ Абишева Ф.Т. Томкова Н.Э.</p>	январь
Әдістемелік кеңес № 4	<ol style="list-style-type: none"> 1.« Сабақ үрдісіндегі ұлттық құндылықтардың нәтижелілігі» баяндама 2. Мотивациясы жоғары балалармен жұмыстың түрлері мен әдістерін жетілдіру 3. Мұғалімдердің өз білімін жетілдіру бойынша жеке жоспарының орындалуы, тәжірибе алмасу 	<p>Баймағанбетова .А. ӘБ жетекшілері Пән мұғалімдері Абишева Ф.Т. Қартабаева Б.Қ.</p>	наурыз

	жұмыстарының сапасы 4. Аудан, облыс төңірегінде озық тәжірибемен бөлісу көрсеткіші, нәтижесі. -5.Білім жетілдіру жұмыстарының деңгейінің динамикасы	Абишева Ф.Т. Қартабаева Б.Қ	
Әдістемелік кеңес №5	1.МІБ мәселелері; 2.2023-2024 оқу жылындағы әдістемелік жұмысты талдау; 3.Мотивациясы жоғары оқушылармен жұмысты талдау; 4.Жас маман мектебі жұмысын талдау; 5. Озық тәжірибені тарату бойынша жұмысты мониторингілеу	Абишева Ф.Т. Қартабаева Б.Қ	мамыр

IV БӨЛІМ. Мектепшілік бақылау жүйесі. Мектептегі педагогикалық процестерді реттеу.

№ р/с	Тексеру тақырыбы	Тексеру мақсаты	Бақылау объектілері	Бақылау түрі	Әдістеме	Орындау мерзімі	Жауапты тұлғалар	Қаралатын жер	Басқарушылық шешім	Қайталама бақылау
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	
Тамыз-қыркүйек										
I.Нормативтік құжаттардың орындалуын және талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау.										
1	"Қазақстан	Жұмыс жоспарын	Бейімделу	тақырып	Зерттеу, бақылау,	25-31			Дайын	

	<p>Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022.08.12 № 365 бұйрықтарымен енгізілген өзгерістермен</p>	<p>талдау, бейімдеу бойынша Шағын орталықты, МАДС,1,5,10 сыныптар.</p>	<p>құжаттары. 1,5,10 сынып жетекшілері, ШҒЫН орталық және МАДС тәрбиешілері, .</p>	<p>тық</p>	<p>сұхбаттасу, құралдарды зерттеу</p>	<p>тамыз/августа</p>	<p>Махметова М.Б. Томкова Н.Э.</p>	<p>Педкеңес</p>	<p>бағдарлама</p>	
2	<p>2023-2024 оқу жылының басталуы туралы ҚР БҒМ, Білім басқармасы мен бөлімінің</p>	<p>Оқу жылының басталуы туралы ҚР БҒМ ӘНХ Білім басқармасы мен бөлімінің , құжаттарын зерделеу</p>	<p>ПЕД.ұжым</p>	<p>тақырыптық тема</p>	<p>Әңгімелесу беседа</p>	<p>31 тамыз/августа</p>	<p>Томкова Н.Э, Махметова М.Б., Абишева Ф.Т.</p>	<p>ӘК отырысы</p>	<p>Шолу, зерттеу</p>	

	құжаттары						Оспанова С.К., Каратовская Л.Н., Шаяхметова Г.Т...			
3	Күнделік, ҰБДҚ жүйесіндегі деректерді жаңарту.	Журналдардың уақытылы толтырылуын Нұсқаулықтың әдістемелік ұсынымдарына сәйкестігін қадағалау. методическим рекомендациями инструкции	Сынып жетек.	Жеке	Байқау, әңгімелесу.	До 10.09.	Махметова М.Б., Томкова Н.Э.	ДОІБО кеңесі	ұсынымдар	
4	Оқушылардың және мұғалімдердің жеке істерінің жағдайы.	Оқушылардың, мұғалімдердің жеке істерін ресімдеу.	Сынып жетек, іс жүргізуші	Жеке	зерттеу	12-13.09	Махметова М.Б., Томкова Н.Э.	ОІБДО кеңесі	анықтам а	

II. Оқу процесінің сапасын бақылау.

№ р/с	Тексеру тақырыбы	Тексеру мақсаты	Бақылау объектілері	Бақылау түрі	Әдістеме	Орындау мерзімдері	Жауапты тұлғалар	Қаралатын жер	Басқарушылық шешім	Қайталама бақылау
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	

1	Үйде ЕБҚ бар балалармен жұмысты ұйымдастыру.	Құжаттаманы ресімдеу, жұмысты ұйымдастыру (бақылаудың динамикалық күнделігінің, мұғалімнің оқушымен жеке іс-әрекет бағдарламасының болуы және т. б.)	Пән мұғалімдері	Тақырыптық	Құжаттаманы зерттеу, әңгімелесу	Қыркүйек сентябрь	Томкова Н.Э.	ДОІБО кеңесі	Анықтама	
2	9,11 сынып түлектерінің жұмысқа орналасуын талдау.	Оқушылардың оқуын жалғастыруын бақылау	9-11 сынып оқушыларының оқу орындарынан анықтамалары.	Жеке персональный	Растау анықтамаларын жинау	Август-до 10.09	Найманбаева А.А.	планерка	Расталған оқушылардың тізімі	
3	Мектеп оқушыларының оқулықтармен қамтамасыз етілуі.	Мектеп оқулықтарының болуын тексеру, оқушыларды оқулықпен қамтамасыз ету	Кітапханашы, сын.жетекші	Фронталды	Әңгіме, ақпарат жинау.	Конец августа	Библиотекарь Хисамутдинова З.Г.	планерка	Анықтама справка	
4	КТЖ, ҚМЖ құрастыру сапасы.	Оқу бағдарламаларына сәйкес КТЖ жасау. Қойылған мақсаттарға сәйкес ҚМЖ құрастырудың дұрыстығы.	Мұғалімдер	жеке	Зерттеу, әңгімелесу,	До 07.09	Махметова М.Б., Томкова Н.Э.	ӘК отырысы Метод.совет.	Анықтама Справка	
5	PISA, МОДО	Контроль за	Учителя-	Текущи	Ознакомление с	Сентябрь	Махметова	Совещая	Протокол	

		подготовкой к международному тестированию и мониторингу учеб.достижений.	предметники	й	правилами, методикой проведения		М.Б.,	ние при завуче.	л	
--	--	--	-------------	---	---------------------------------	--	-------	-----------------	---	--

III. Білімнің олқылықтарын толтыру және төмен көрсеткіштермен жұмыс істеу бойынша жұмыстарды бақылау

№ р/с	Тексеру тақырыбы	Тексеру мақсаты	Бақылау объектілері	Бақылау түрі	Әдістеме	Орындау мерзімдері	Жауапты тұлғалар	Қаралатын жер	Басқарушылық шешім	Қайталама бақылау
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	БДБЖ үшін тапсырмаларды құрастыру, кіріс бақылауын жүргізу	Бастапқы бақылауды ұйымдастыру және өткізу Кіріс бақылау үшін материалды дайындық	Пән мұғалімдері	тақырыптықтема	Әртүрлі нысандағы диагностикалық жұмыстарды жүргізу.	Қыркүйектің бірінші аптасы	Рук.МО, Оспанова С.К., Каратовская Л.Н., Шаяхметова Г.Т	ӘБ отырысында Засед.МО	Хаттама	

IV. Оқу зерттеу қызметі.

№ р/с	Тексеру тақырыбы	Тексеру мақсаты	Бақылау объектілері	Бақылау түрі	Әдістеме	Орындау мерзімдері	Жауапты тұлғалар	Қаралатын жер	Басқарушылық шешім	Қайталама бақылау
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	Мотивациясы жоғары балалармен жұмыс.	ДБ Тізімдер жасау.	1-11, пән мұғалімдері	Жеке	ДБТізімдер жасау	Жыл бойы	рук.МО Оспанова С.К., Каратовская Л.Н.	ӘОМС	Списки учащихся	

V. Мұғалімнің шеберлік және әдістемелік дайындығының деңгейін бақылау.

№ р/с	Тексеру тақырыбы	Тексеру мақсаты	Бақылау объектілері	Бақылау түрі	Әдістеме	Орындау мерзімде рі	Жауапты тұлғалар	Қарала тын жер	Басқару шылық шешім	Қайта лама бақыл ау
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	
1	«Цифрлық біліктілікті дамыту» курстық даярлықтан өту дерекқорын жасау	Мұғалімдердің цифрландыру бойынша курстық даярлықтан өтуін бақылау	Педагогикалық ұжым	Жаппай	Педұжымға цифрлық технологиялармен жұмысты үйрету	Тамыз	Директордың ҒЖ жөніндегі орынбасары _____	Педкеңес	№ 1 ӘОҚ анықтамасы	Күнделікті
